



КАЗАКСТАН
ТУРАН ЖЕРІМ
БАЙТАК БІЛМІ

Жүргізуші:

– Армысыздар, қадірлі қонақтар!

Бүгін біз барлығымыз үшін ерекше мереке – Республика күнін атап өтеміз.

Бұл күн – біздің Отанымыздың еркіндігін, тәуелсіздігін білдіретін күн.

Әнұраным – жан ұраным,

Айтар әнім – сөйлер сөзім,

Туған жерім – сағынарым,

Мәңгі бақи шырқалады

Республика әнұраны.

- Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып тұрады.
- Мемлекеттік Әнұран орындалады



Балалардың тақпақтары

Ясмина:

Жаса, Қазақстаным,
Ашық болсын аспаның!

Республика күнімен,
Құттықтаймын мен бүгін!

Абдулла:

Көк туымыз желбіреп,
Әнұранды айтамыз.

Егеменді елім деп,
Кеудемізді қағамыз!

Амина:

Жиырма бесі қазанның,
Маңызы зор, білемін.

Отан деген бір сөздің,
Жүректегі тірегің!

Бәріміз де біргеміз.
Республика – панамыз,
Бақыттымыз, күлеміз!
Арафат:
Күн күлімдеп қарайды,
Дала гүлге оранды.
Қазақстан тойлайды,
Ұлы мереке – Отанды!

Аяна:
Жиырма бесінші қазан – тарихи күн,
Егемендік жолындағы жарық бір үн.
Ата-бабам аңсап өткен азаттықты,
Паш еткен күн, жар салған күн баршаға шын.

Сұлұшаш:
Бұл күн – елдің еңсесін тік ұстаған,
Болашаққа батыл қадам, нық басқан.
Тәуелсіздік атты киелі ұғымның,
Алтын қазық, бастау алар тұсы осыдан.

Абдурахман:
Көк байрағым көгімде мәңгі тұрсын,
Ұрпағымыз осы жолдан таймасын.
Республика күні – ұлттық намыс күні,
Қазақстанның абыройы асқақтай берсін!

Айару:
Тарих парағы ашылды жаңа,
Егемендік декларациясы – елге пана.
Бостандықтың бастауы болған сол күн,
Ұрпақ үшін ұмытылмас мәңгі дара.

Қайырғали:
Отан дейтін киелі мекеніміз,
Байтақ жерде жайқалып өсеміз біз.
Республикам – айбыным, асқақ әнім,
Сен деп соғар әр қазақтың жүрегіміз.
Тәуелсіздік тұғыры биік болсын,
Келешегі елімнің нұрға толсын.
Жиырма бесінші қазан құтты болсын,
Ынтымақ пен бірлігіміз берік болсын!

Жүргізуші:
Қазанның жиырма бесі – қастерлі күн,
Егемен ел болғанның бастауы шын.
Тәуелсіздік таңы атып, көкке өрлеп,
Күллі әлемге танылды қазақтың үні.
Республика күнімен құттықтаймыз,
Бабалардың аманатын ұлықтаймыз.
Бейбітшілік, береке орнап жерімде,
Болашаққа зор сеніммен бірге аттаймыз.
Шаңырағымыз биік, керегеміз кең болсын,
Ырыс-дәулет әр отбасыға кеп қонсын.







